


Бекітемін:

ЖШС «Шалхар-Ата» бөбекжай бақшасының

Меңгерушісі:  А.Медетова



«Қош бол балабақша»

Тәрбиешілер: А.Дауренова

Э.Усенбаева

2023ж

«Қош, бол балабақшам»

1.Жүргізуші: Қош келіпсіздер,құрметті қонақтар!

Міне,кішкентай сәби кезімізден бастап осы «Шалхар-Ата» балабақшасында тәрбиеленіп, жылдар мен күндерді бірге өткізіп, осында өсіп ер жетіп, бүгін өмірге үлкен жолдама алып, мектепке барғалы жатырмыз. Әріптерді танып,қалам ұстап жаза бастаған сәттен бастап,осы балабақшамызда тәлім-тәрбие алып, өмірлеріміз шат күлкіге толып, неше ертеңгіліктер мен мерекелерді өткердік.

2. Жүргізуші: Армысыздар құрметті ата-

аналар,қонақтар,әріптестер! Бүгін міне ,қуанышты да, салтанатты күн. Өйткені сіздердің аяулы ұл-қыздарыңыз біздің бірнеше жыл тәрбиелеген түлектеріміз, жаңа өмір белестеріне аттанғалы отыр. Осы балапандарымызды бізге кейбір ата-аналар бір жарым жасында әкелсе, кей бір ата-аналар үш жасында әкелді. Олардың әрбір тәтті қылықтары әлі біздің есімізде, біз оларды ешқашан ұмытпаймыз.

Толқимыз,толқып тұрсыз баршаңызда,

Мұндай күй болған сірә қаншаңызда

Қол соғып, қошеметтеп шақырайық,

«Құлыншқақ» тобының түлектерін.

Түлектерді қарсы алыңыздар!

(Түлектер ортаға музыка әуенімен ортаға шығады)

1Жүргізуші: Құрметті ата-аналар.қонақтар бүгінгі «Қош бол балабақша» атты ертеңгілігімізді түлектеріміз балабақшадағы апайларына өз ризашылықтарын білдірмек.

Улданай: Гүлдендірген бақшаны
Меңгеруші апай жақсы адам
Сондықтан да біз үшін
Артықсыз сіз басқадан
Айсұлу Тойлыбайқызына мың алғыс!

Жания: Денсаулыққа болаттай
Ауыруларды жолатпай
Күнде болған әбдігер
Қамқоршымыз дәрігер
Дәрігер Замира апайға мың алғыс!

Раяна: Үйренгеміз өнер біз
Шетімізден шеберміз
Бал татыған әндерді
Мың бұралған билерді
Үйреткен Гүлжан апайға мың алғыс!

Б.Айзере: Тәтті тағам пісірген
Айран сүтін ішкізген
Бақтыгүл, Нурбика апайлар
Сіздерге мың алғыс!

Раймбек: Жазу жазып үйреткен
Әріптерді оқытқан
Санамақты жаттатып
Санауды бізге үйреткен
Жақсы болсақ қуанған
Қате болса кешірген

Айгул,Эльмира апайларға

Айтамыз біз мың алғыс!

Назиле: Бізді баптап қараған
Күлімдеген жақсы адам
Ақ төсекке жатқызған
Басымыздан сипаған
Гүлжан апйға көп рақмет!

Ән: «Біз мектепке барамыз»

Би: «Флешмоб»

Мейіржан: Балабақша,балабақша
Шаңырағы шаттықтың
Балабақша қорғанышы
Балғын сәби жастықтың
Қуанамыз сыймаймыз
Қуаныштың мың гүлін
Бақшамызбен қимай біз
Қоштасатын күн бүгін.

Қ.Айзере: Мектепке енді барамыз
Оқимыз сауық құрамыз
Қашық емес арамыз
Бақшамызға келіп тұрамыз.

Рамазан: Оқимыз білім аламыз
Болашақ жолын саламыз
Бақшаменен қоштасып
Біріншіге барамыз.

Ермұхан: Балабақша базарлы үй
Көшедегі ажарлы үй
Шаттығы бар шуақты
Өз үйміз сияқты

Би: «Адай күй»

Ә.Алинұр: Ботақаным бөбек деп
Еркелеткен ұл қызын
Анамызды ерекше
Қуантатын күн бүгін
Өсті міне бойымыз
Қуанышқа ортақпыз
Құтты болсын тойымыз.

Әмина: Мектепке енді барамыз!
Біз оқушы боламыз
Жақсы оқып сабақты
Кілең бестік аламыз.

Бектас: Бұл қуаныш себебін,
Бізге қарап ұғыңдар,
Ер жетті деп бөбегім,
Туған отан қуансын,
Туған дала қуансын.

Айсана: Мәпелеген анамыз.
Бақша болды панамыз
Мектепке енді барамыз
Оқып білім аламыз.

Би: «Андижан»

Құндызай: Бұл екінші үйіміз
Бір туғанбыз бәріміз
Біз осы үйдің гүліміз
Біз осы үйдің сәніміз.

Нұрахмет: Ойыншықты жинаймыз
Бөбектерге сыйлаймыз
Үлке болып, өссекте,
Бақшамызды қимаймыз.

Самира: Біз сабақты бастаймыз,
Қайталаудан аспаймыз,
Есептен де қашпаймыз
Жазуды енді бастаймыз.

Ж. Алинұр: Қош бол ойыншықтарым
Жасырып кейде тыққаным
Кеткендей кеше қоштасып,
Келгенде алдан шыққаным
Рахат баптап баулып өсірген
Бұзықтық етсек кешірген
Ұмытпаймыз өзіңізді
Ұмытпаймыз сіздерді.

Би: «Ақ көгершін»

Кәсар: «Құлыншақ» білім кілітін
Ұстап өзім қолыма
Тапсырамын аманат қып

«Қошақандар» тобына.

Азамат: Қабыл алам аманатын
«Құлыншақтар» тапсырған
Жақсы оқуға ант етеміз
«Қошақандар» атынан.

Би: «Вальс»

Ән: «Оқуда озат боламын»

Ән: (Тәрбишілер ортаға шығып ән шырқайды)

1.Жүргізуші: Құрметті ата-аналар, бүлдіршіндер сендер үшін әрі қуанышты,әрі қимас мереке аяқталуға жақын қалды, алғаш балабақша табалдырығын аттаған күндерің естеріңде ме?

Енді достарыңды,тәрбиешілеріңді,балабақшаны қиып кету сендерге оңай емес, дегенмен балабақшамен қоштасатын кез туды.Бүлдіршіндер сендерге ақжол тілеймін.

2. Жүргізуші:-- Міне балаларымыздың жүректері лүпілдеп мектепке қадам басқалы тұр.Бойларындағы бар өнерлерін сіздерден аямай барынша тырысып көрсетті. Сіздерге ақ жол тілеймін,бөбектер.

Сапарларың оң болсын бүлдіршіндер!

Ендігі сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі Айсулу

Тойлыбайқызына береміз.

Меңгеруші апай балаларды құттықтап,алғыс хат, мадақтамаларын тапсырды.



